БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 311

Орал қаласы / город Уральск

**Білім саласындағы кейбір мәселелер туралы**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес, мемлекеттік мекемелер мен мемлекттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының функциялары, міндеттері және құқықтары мүліктік кешен ретінде аудандық коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке қабылдансын.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік мекемелердің атаулары өзгертілсін.

3. «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Мекеменің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Мекеменің Ережесін және Жарғысын бекітуге, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге уәкілеттілік берілсін;

3) Осы қаулыға байланысты туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

4. Батыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау және қаржы басқармалары осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.Р.Егізбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін.

**Облыс әкімі** **Ғ. Есқалиев**

Көшірмесі дұрыс

№ 001407